

**Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша
«78 орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің мемлекеттік
аттестаттау нәтижелерінің қорытындысына сәйкес кемшіліктерді жою
бойынша АНЫҚТАМА**

«№78 орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) 2024 жылдың «9» желтоқсаннан «13» желтоқсанға дейінгі кезеңде мемлекеттік аттестаттаудан өтті. Мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысына сәйкес төмендегідей кемшіліктер мен ескертулер анықталды:

1. Баланың жеке даму картасындағы құзыреттіліктер (физикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылары, танымдық және зияткерлік дағдылары, шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) негізге алынып бастапқы мониторинг жасалмаған.
2. Бес жылда бір реттен сиретпей арттыру талаптары жайлы бастауыш сынып пәнінің мұғалімдері (Бүрқашева Н., Кумисбаева С.), диплом бойынша есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыз ету (Нәби М. 2017 жылы оқу орнын бітірген) мәліметі зерделеуге ұсынылмаған.
3. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының оқу жоспары ұсынылмаған.
4. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің сабақ кестесі ұсынылмаған.
5. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында ерекше білім беруді қажеттілігі бар ПМПК қорытындылары туралы мәлімет ұсынылмаған.
6. Үш жылда бір реттен сиретпей бейіні бойынша біліктілік арттыру жайлы А.Искакова физика және информатика пәнінің мұғалімі) сертификаты ұсынылмаған.
7. Шағын орталық туралы құжаттары ұсынылмаған.

Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар мен ескертулерді жою мақсатында жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес 2024 жылдың 27 қаңтарына дейін жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар мен ескертулердің барлығын жою үшін мектеп директоры Г.Жургенова көрсетілген кемшіліктер бойынша жауапты мамандарды тағайындап, пысықтауды жүктеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру

Жауапты маман: МАД тобы тәрбиешілері С.Бактыбаева, С.Кумисбаева, Н.Жакыпова.

1. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы МАД тобындағы баланың жеке даму картасындағы құзыреттіліктер (физикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылары, танымдық және зияткерлік дағдылары, шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) негізге алынып бастапқы мониторинг жасалды.

Бағаланатын кезеңге мектепалды даярлық топтары тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуының бақылзу нәтижелері (мониторинг-индикатор) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында 2023-

2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатының 1-қосымшасында берілген үлгі бойынша қайта жасалып, кемшіліктер дұрысталды.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 5-тармағына сәйкестендірілді.

Негізгі білім және жалпы орта білім беруді ұйымдастыру
Жауапты маман: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары –
З.Кургашева.

1. Бес жылда бір реттен сиретпей арттыру талаптары жайлы бастауыш сынып пәнінің мұғалімдері (Бұрқашева И., Кумисбаева С.), диплом бойынша есептеу техникасы және бағдарламалық камтамасыз ету (Нәби М. 2017 жылы оқу орнын бітірген) мәліметі мен себептері зерделеуге ұсынылды.

И.Бұрқашева - бастауыш сынып мұғалімі, педагог санатты, 2017 жылы II санат берілген, 2022 жылы декреттік демалыста болуына байланысты санаты бір жыл мерзімге ұзартылған, 2023 жылы мерзімінің аяқталуына байланысты санаты педагогқа төмендетілген. С.Кумисбаева - бастауыш сынып мұғалімі 2023 жылы жұмысқа қабылданған, санаты педагог. Еңбек өтілі бір жыл болғандықтан аттестаттауға өтініш беруге өтілі сәйкес емес. М.Нәби талімгер, еңбек өтілі алты жыл. Биылғы оқу жылында аттестаттауға өтініш берді. Аталған себептер бойынша дәлелді құжаттары ұсынылды.

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша, 5 тармаққа 3-қосымшаға сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының оқу жоспары ұсынылды.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымшаның 4-тармағы, 3-қосымшаның 5 және 18-тармақтары, 18-де 4-қосымшаға сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің бекітілген сабақ кестесі ұсынылды.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымшаның 40 және 45, 3-қосымшаның 6, 9, 14, 42, 45 және 61 тармақтарына, 4-қосымшаның 14, 32, 36, 43 және 55 тармақтарына

сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында ерекше білім беруді қажеттілігі бар ЦМПК қорытындылары туралы үйден оқитын білім алушы туралы мәліметтері ұсынылды.

5. Үш жылда бір реттен сиретпей бейіні бойынша біліктілік арттыру жайлы А.Искакованың (физика және информатика пәнінің мұғалімі) сертификаттары ұсынылды.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес жасалып ұсынылған.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру

Жауапты маман: Шағын орталық әдіскері Ә.Жұбанш

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек №394 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес шағын орталық туралы құжаттары ұсынылды.

Мектеп директоры:



Г.Жургенова